

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS AND
WORLD LANGUAGES

3 (53) 2023

ISSN 2411-8753 (Print)

ISSN 2710-3633 (Online)

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

ХАБАРШЫСЫ

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР және
АЙМАҚТАНУ» сериясы

ИЗВЕСТИЯ

КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия «МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ и
РЕГИОНОВЕДЕНИЕ»

BULLETIN

of Ablai Khan KazUIRandWL
series “INTERNATIONAL RELATIONS and
REGIONAL STUDIES”

Алматы
«Полилингва» баспасы
2023

Новикс А.М. Межкультурные коммуникации в Центральной Азии в современных процессах модернизации: «мягкая сила» культурных модуляторов стран Центральной Азии	112-128
Новикс А.М. Қазіргі жаңғырту процестеріндегі Орталық Азиядағы мәдениетаралық коммуникациялар: Орталық Азия елдері мәдени модуляторларының «жұмсақ қүші»	112-128
Жанакова Н.Т., Кенжалин К.К. Ұлы Жібек Жолы кеңістігіндегі аймақтық сауда-экономикалық және мәдени үрдістер: өткені, бүгіні, болашағы	129-144
Жанакова Н.Т., Кенжалин К.К. Региональные торгово-экономические и культурные процессы на пространстве Великого Шелкового пути: прошлое, настоящее, будущее	129-144
Zhanakova N.T., Kenjalin K.K. Reginal trade, economic and cultural processes in the space of the Great Silk Road: the past, present, future	129-144
Байзакова К.И., Оракбаева У.М., Усен М.А. Политика Китая в Центральной Азии	144-160
Байзакова Қ.И., Оракбаева Ұ.М., Усен М.Ә. Қытайдың Орта Азиядағы саясаты	144-160
Baizakova K.I., Orakbayeva U.M., Ussen M.A. China's policy in Central Asia	144-160
Мармонтова Т.В., Рассказов С.В., Кушалиев Е.Т. Особенности презентации образа казахстанско-российской границы	161-174
Marmontova T.V., Rasskazon S.V., Kyshaliyev E.T. Image of Kazakhstan-Russian border: features of representation	161-174
Мармонтова Т.В., Рассказов С.В., Кушалиев Е.Т. Қазақстан-Ресей шекарасының бейнесін презентациялау ерекшеліктері	161-174
Mukatova D.B., Mansurova Sh.Sh., Anuarbekova A.A. New trends in Turkish foreign policy in the Central African Republic	174-184
Мукатова Д.Б., Мансурова Ш.Ш., Ануарбекова А.А. Орталық Африка Республикасындағы сыртқы Туркия саясатындағы жаңа тенденциялар	174-184
Мукатова Д.Б., Мансурова Ш.Ш., Ануарбекова А.А. Новые тенденции во внешней политике Турции в Центрально-Африканской Республике	174-184
Илимкожа А.Е., Раев Д.С. Анализ роли и интересов Китая в Центральной Азии	184-204
Ілімкожа А.Е., Раев Д.С. Қытайдың Орталық Азиядағы рөлі мен мүдделерін талдау	184-204

ӘОЖ 94 (574)

DOI 10.48371/ISMO.2023.53.3.010

FTAMP 06.75

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ КЕҢІСТІГІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ САУДА-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҮРДІСТЕР: ӨТКЕНІ,
БҮГІНІ, БОЛАШАФЫ**

*Жанақова Н.Т.¹, Кенжалин Қ.Қ.²

*¹Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ қауымд.профессор, т.ғ.к.

Алматы, Қазақстан

e-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті

PhD доктор, Астана, Қазақстан

e-mail: kenkk@mail.ru

Аннотация. Мақалада адамзат өркениетінің ғажап ескерткіші, тарихи қуәсі – Ұлы Жібек жолының Еуразия аумағындағы мемлекеттер арасындағы аймақтық, халықаралық, этносаралық маңызы заманауи көкейтесті мәселелер түрғысынан қарастырылған. Себебі, Ұлы Жібек жолы бірнеше ғасырлар бойы көптеген мемлекеттер мен халықтардың экономикасы мен мәдениетінің дамуында ерекше рөл атқарды.

Мақаланың мақсаты: бүтінгі күні осы жол бойындағы өмір сүріп жатқан халықтар мен мемлекеттердің мәдениет, экономика салаларындағы өзара қарым-қатынасын қайта жаңғырту қажет екендігін ұғынуына, өзара түсінісудің және өркениетті бірлесе байытудың қолдағы тарихи мән-маңызы бар мүмкіндіктерін пайдалануына септігін тигізу.

Мақалада Ұлы Жібек жолының оның бойындағы мемлекеттер мен халықтардың дамуындағы тарихи маңызы, Оңтүстік Қазақстан қалалары мәдениетінің қарқынды өсіп, гүлденуінің себептері, жолдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсері ашылған. Қазақстанның жағдайы ашылып, мәдени, діни және халықаралық қатынастардың қалыптасуы көрсетіледі.

Осыған байланысты бұл мақалада Ұлы Жібек жолының Шығыс пен Батыс арасындағы байланысты орнатудағы рөлі, керуен жолдары мен діни идеялардың таралуы, Жібек жолы бойында пайда болған ортағасырлық қалалардың рөлі талданып, аймақтық мәселелерге ерекше назар аударылады. және Ұлы Жібек жолының халықаралық маңызы. Бұл көне жолдың қазіргі Қазақстан үшін орасан зор тарихи, экономикалық және мәдени маңызы бар екені көрсетілген. Сондықтан, өткен дәуірден бері құрлық жолдары Еуразияның шығысы мен батысы, солтүстігі мен оңтүстігі арасындағы сауда және мәдени секторлардағы

байланыстардың трансконтинентальды желісіне айналғанын атап өткен жөн. Жаңа дереккөздер мақаланың әдістемелік негізі болды. Зерттеу процесінде пайдаланылған жаңа материалдар мен тұжырымдамалық тұжырымдар Ұлы Жібек жолының әлемдік сауда және елдер мен халықтардың халықаралық өзара іс-қимыл тарихындағы рөлі мен маңызы ретінде айқындалған такырыптың өзектілігін ашуға мүмкіндік берді.

Тірек сөздер: Ұлы Жібек жолы, әлемдік саясат, өркениет, мәдениет, халық, мемлекет, халықаралық байланыстар, Шығыс

Негізгі ережелер

Дүние жүзі тарихында әлемнің бүкіл аймақтарын географиялық жағынан ғана емес, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар тұрғысынан тығыз байланыстырып, аймақ, өңір, облыс деңгейінен мемлекетаралық мәртебе санатына дейін көтерілген, ерте кездегі патшалықтар, хандықтар, княздықтар мен дербес мемлекеттер арасындағы сауданы жандандырып қана қоймай, ежелгі заманнан басталған бұл ерекше өркениет үрдісін қазіргі ғаламдану жағдайындағы заманауимәдениетпен және әлеуметтік, инфрақұрылымдық мәселелердің кешенді жүйесімен ұштастырған, еш уақытта ұмытылмайтын адамзаттың тарихи жолы – Ұлы Жібек жолы болып табылады. Еуропаның барлық үлкенде-кішілі мемлекеттерін түгел дерлік қамтып, Қыыр Шығысқа дейін ұзыннан ұзын болып созылған ұшы-қыры жоқ керуен жолдары түйіскең аймақтық, транс құрылыштық ауқымдағы мағынасы өте зор бірнеше саланы кеңінен қамтыған халықаралық қатынастар жүйесі XXI ғасыр көнінде де өз мәнін жоймай, әлемдік мәдени, әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі көкейтесті мәселелерін шешуге ықпал ететін факторға айналып отыр. Ұлы Жібек жолы мыңжылдықтар басындағы Еуропа, Азия құрылыштарындағы тарихи өнірлер мен көне шаһарлардың өзара сауда-саттықпен айналысып, мемлекеттік деңгейде саяси, мәдени, экономикалық байланыстар орнатуына бірден бір себепкер болған, осы үрдістің негізін қалаған төтенше маңызды халықаралық қатынас жолы екендігін естен шығармау керек. Сол себепті дуниежүзілік тарихта болсын, өзіміздің Қазақстан тарихында болсын, туысқан елдер орналасқан Орталық Азия мен Қап тауындағы түркі тілдес халықтар тарихын қоса алғанда Еуразия аймағындағы мемлекеттер арасындағы ежелден жалғасып келе жатқан өзара түсіністік тұрғысындағы терең бауырластық байланыстың жүртшылыққа беймәлім ерекшеліктерін егжей-тегжейлі зерделеп тұжырымдаудың үлкен мән-маңызы бар. **Ұлы Жібек жолын** бүкіл адамзат тарихындағы феномен құбылыс ретінде айқындау көкейтесті мәселе екендігін ғылыми қауым жақсы біледі.

Кіріспе

Жалпы адамзат тарихында Қытай мен Орта Азия қалаларын Жерорта теңізі мемлекеттерімен байланыстыратын Ұлы Жібек жолы ғасырлар бойы Еуразия құрылышындағы осы өнірлер арасында аймақаралық тауар мен мәдениет алмасу үдерісінде маңызды рөл атқарды. Бұл тарихи жол біздің заманымызға дейінгі екінші ғасырда Қытай мен Ферғана алқабының қалалары арасында сауда жолы ретінде қалыптастып, одан кейін Шығыс пен Батыс арасындағы ерекше қоліктік күретамыр мәртебесін иеленді және орта ғасырларға дейін жұмысын тоқтатпады.

Ұлы Жібек жолын қалыптастырып өркендетуде өзіндік орны бар түркілер әлемдік тарихқа көшпелі өркениетті берді. Ал алып даланы жарып өтетін Сырдария, Шу, Талас, Арыс т.б. өзендер алқабындағы Отыrap, Тараз, Сығанақ, Сайрам (араб географтарының айтуы бойынша – Испиджаб), Асы, Құлан, Баласұғын, Мерке, Сауран, Ордакент сияқты т.б. қалалар Еуропа мен Азия аралығындағы трансконтинентальдық жол торабының үстінде бой көтеріп, жалпы адамзаттық дамуға баспалдақ болды. Түркі қағандығы тұсында Ұлы Жібек жолы түркілердің билігіне өткен соң, жаңа қалалар салына бастады. Таразben іргелес Жамукат, Барысхан, Жікіл, Құлан, Мерке сынды ортағасырлық қалалар да түркі тарихы мен өркениетінде маңызды рөл атқарды [1].

Әфталиттер мен солтүстік қытай патшалықтарын талқандаған түркілер саяси жағынан ғана емес, экономикалық жағынан да қуатты болды. Себебі олардың қолында Батыс пен Шығыстың жалғаған ұлы керуен жолы болды. Қытайдан Жерорта теңізіне дейін халықтарды байланыстырушы артерия қызметін атқарған бұл трансконтинентальды Ұлы Жібек жолы өте ұзын қашықтықты қамтыды. Мәуереннаһр бойымен Парсы шығанағы порттарына аппаратын құрлық жолы Жібек жолын Кіші Азия және Сирія қалаларымен байланыстырды. Парсылар мен көшпелі түркі тайпалары Жібек жолы бойындағы қозғалыстарға белсене қатысты. IV-IX ғасырларда жібек саудасының Орталық Азия жолы болды да, ол бүкіл Орталық Азияны оңтүстіктен солтүстікке кесіп өтіп, Каспий теңізінің солтүстік жағалауымен, одан әрі Солтүстік Кавказ тау бектерімен және Батыс Кавказ асулары арқылы Абхазияға өтті. Бұл жерден олар Түркия аумағындағы Трабзонға жетіп, Константинопольге не құрлық, не теңіз арқылы жетті [2, 86-6].

Ұлы Жібек жолыарналары Еуропа мен Азиялар құрлықтарының бір тізбек бойында орналасқан үлкендей-кішілі мемлекеттерінің астаналары мен ежелгі қалалары арқылы өтіп, б.з. бірінші мыңжылдығының бас кезінде, нақтылап айтқанда, әсіресе VI-YIII ғасырларда осы аймақтардағы Қытайдан бастап Азия, Таяу Шығыс,

оңтүстік-батыстағы Еуропа елдерінің экономика мен мәдениеттің түрлі салаларында көп жылдарға созылған кең көлемді достық қарым-қатынастар мен түркі тілдес халықтар арасында тығыз туысқандық байланыстарды берік орнатып, тұрақты түрде жалғастыруға баға жетпес қыруар еңбек сінірді. Осы тұста сол ғасырларда мемлекеттер арасында болған қырғын соғыстардың өзі Ұлы Жібек жолының қызметіне айтарлықтай әсер етпей, қалыпты түрде жұмыс істей бергендігін атап өткен жөн.

Әлемдік тарихта Ұлы Жібек жолының үнемі жұмыс істеуінің басы ретіндебіздің заманымыздан бұрынғы екінші ғасырды атайды. Сол мыңжылдықтың 138 жылы ежелгі Хань, яғни Қытай елінің патшасы, яғни У-ди есімді император Еуропаның бұған дейін өздеріне беймәлім елдеріне арнайы жасақталған елшілігін аттандырады, соншалықты ұзақ сапарға шыққан бұл елшілік керуеніалғаш ретбатыстан шығысқа қарай, Қытайдан қазіргі Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан аумақтары арқылы тұра жолға шықты. Қытай императоры атынан ұзақ сапар шеккен елші Чжан Цянь жол-жөнекей сюннулардың қолына түсіп, одан он жылдан кейін қашып шыққаннан кейін сапарынодан әрі жалғастырады. Жергілікті саудагерлермен жақын араласу барысында көршілес Үндістан, Азия хандықтары мен алыста жатқан батыс елдері туралы естіп біліп, әбден қызыға түседі. Бұл елдердің Қытайды «жібек елі» ретінде танып, саудагерлер аспан асты елінен жібек мatalар әкеліп сататынын естіп анықтайды. Ұлы Жібек жолының осылай аталуы да осы оқиғаға байланысты шыққан.

Қытай елшісі Чжан Цянь отанына он сегіз жыл өткен соң оралады, осы сапарында алдына қойған мақсатына толық жете алмағанымен әлем тарихында өшпес із қалдырыды. Чжан Цяньның батыл сапары арқасында ежелгі Қытай мемлекеті өздеріне осыған дейін белгісіз болып келген елдер туралы көп мағлұмат алды.

Чжан Цяньның алғашқы және б.з.б. 119 жылы жасаған екінші елшілік сапарының нәтижесінде Қытай патшасына мемлекетаралық деңгейде аймақтар арасында сауда ісін ұтымды түрде ұйымдастыру мақсатында осы жол бойынша оңтайлы бағыттарнақты белгіленіп, жолға қойылды, Еуропа мен Азияның көптеген мемлекеттерімен ынтымақтастық байланыстар орнатылды. Сапар барысында айқындалған жоспарлы жолдар Ұлы Жібек жолының негізіне айналды. Аспан асты елі атанған Қытайдың императоры жіберген елші сапарынан соң оның салған ізімен Еуропаға сауда-саттық жолы айқара ашылып, бұл құрылышқа бағыт алған жібек керуендері көбейді. Осы атақты елшілік сапар әлемдік өркениет тарихына ғажап құбылыс болып енді, соның нәтижесінде «Жібек жолы» мен мәдени

дақылдар тарады. Жібек жолымен тауарлардан басқа діни идеялар, өнер, музыка тарады» [3, 22-б.].

Халықаралық жаңа сауда жолының ашылуына байланысты Ұлы Жібек жолы бойымен кәрі құрылыштағы Рим, Византия елдерінен, Азияның Иран, Үндістан, Араб халифаты сияқты сол кездегірі мемлекеттерден қымбат бүйімдар мен заттар, жеміс-жидек әкелінді. Сол ежелгі дәуірде осы халықаралық трансконтиненталды керуен жолымен қазақ даласына Еуропа елдерінен шыққан әдемі әшекейлер мен бағалы киімдер жөнде парсы жерінде тастан жасалған мөрлөр келіп жетті.

Ұлы Жібек жолының заман ағымына қарай дүниежүзілік деңгейде атқарған негізгіміндегі – ұзақ қашықтықты қамтыған осы өте ауқымды керуен жолының өне бойында орналасқан мемлекеттерді, түрлі нағым мен сенімдегі халықтарды және мәдениет түрлерін жақын етіп, өзара бір-бірін толықтырып қана қоймай, сала-сала бойынша дамып өркендеудің биік сатысына көтерілуіне зор ықпал етті.

Ерте заманда тауар атаулының басты түріне айналған жібек ақша есебінде жүрген алтынмен қатар бір деңгейде мемлекеттер арасындағы халықаралық валюта есебінде жұмыс істеген ерекше мәнге ие болды, оның құнының артқаны соншалық, жібекті өте қымбат сыйлық ретінде мемлекет тізгінің ұстаған елбасыларына – патшалар мен королдерге, хандар мен төтенше және өкілеттілшілерге тарту-таралғы жасады, мемлекет басшылығы жаңында жалдамалы түрде ұсталған әскер адамдарына осы жібек арнайы жалақы мен мемлекеттік қарызы есебінде төленді. Соңдықтан да жібек матасы салмағы жағынан жеңіл, соншалықты қолайлы, әрі жүртшылық арасында кеңінен тарапталған орай қымбат бағалануы себепті мемлекетаралық, белгілі бір өнірлер мен аймақтар арасында сауда саласын жоспарлы деңгейде дамытудың және шалғайда орналасқан елді мекендерге апарып жеткізуіндің басты заты болды. Бұдан өзге де тауарлар көпшілік сұранысын қанағаттандыра бастады. Соған қарамастан Жібек жолы сол дәуірдегі көне мәдениет пен өнер туындыларын, осы салаларда аттары әлемге жайылған әйгілі ғұлама ойшылдар мен ақындардың, мұсіншілер мен суретшілердің тұлғалық қасиеттері мен танымал еңбектерін насиҳаттап таратушы қызметтерін де атқарды.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеу барысында ғылыми дереккөздерді пайдалану негізінде жалпылама әмпирикалық әдістер, сонымен біргеталдау, жүйелеу, тарихи-салыстырмалы әдістері кеңінен қолданылды. Ұлы Жібек жолының тарихы мен тағылымы қазіргі әлемдік даму үрдісімен

салыстырмалы түрде талданып, жүйеленіп қарастырылды.

Ортағасырларда өмір сүрген шетелдік саяхатшылар мен тарихшылардың пайымдаулары мен археолог-ғалымдардың ежелгі қалалар мен қоныстар орындарында жүргізген қазба жұмыстарының қорытындысында трансқұрылықтың мәндегі Ұлы Жібек жолы бағыттары бойында кен ауқымда дамыған мемлекеттер арасындағы халықаралық деңгейдегі сауда көлемі тоғызыныш ғасырдан басталып, он үшінші ғасырдың басында өз өркендеуінің ең жоғары сатысына жетті. Қазақстан аумағындағы ежелгі Баласағұн, Науакент, Отырар, Испиджаб, Кедер, Тараз қалалары сол заман өлшеміндегі ірі сауда және мәдениет ошақтары ретінде кеңінен танылды. Бұл сауда орталықтары легінде Жетісу аймағының солтүстік-шығыс бөлігінде орын тепкен Қоялыш, Екі-оғыз қалалары да болғандығын айту керек.

Жоғарыда аталған дәүірде Сырдария, Шу және Талас алқаптарында қала орталықтары бой көтерді. Арап теңізі бойындағы құрғақ шөлейттіңірде салынған қалалар бұрынғы қалпында дерлік сақталып келді. Бұл қалалардың мұлдем тозып біткенескі қабырғалары қазірдің өзіндеалыстан болса да биіктен көзге түседі, одан төменірекшоқылар астында көлемі үлкен көне қорымдар әлі де бар. Таразға жақын Жамуқат деген қала болғандығын археологтар қазба жұмыстары нәтижесінде дәлелдеді. Жамуқат қаласының қалдық бөлшектері Талас алқабының Қостөбе деп аталған жерінен табылды. Осылайша Жібек жолының бойында жаңаданбірнеше дерлік қала қалыптасты да, алдында салынған қалалар дамыған үстіне дамыды.

Ұлы Жібек жолыныңелеулі бөлігі Азияның шөлді аймақтарынан өтті. Керуен бастаған саудагерлер бағалы жүктерді тасымалдау үшін қызған құмның үстінен жүруге бейімделген түйелерді пайдаланды. Сол ежелгі заманда саяхатшылар кезігетін басты мәселенің бірі – шөл даладағы сутапшылығы болса, бұл жағынан алғанда, түйелердің үстінде су құйылған ыдыстарды тасып жүрмес үшін сөulet өнерінің кәнігі шеберлері қатты қызған құм дала ортасынан ерекше құдықтар қаздырған. Бұл құдықтар «сардоба» деп аталды. Парсы тілінде «ssard» – «мұздай» және «ab» – «су» деген екі сөзден құралған. Сардоба Жібек жолы бойымен әрлі-берлі өткен саяхатшыларды үнемі салқын сумен құмтамасыз еткен.

Нәтижелері

Ертедегі араб саяхатшыларының естеліктерінде айтылғандай, шөл даладағы құдықтың іші әрдайым салқындықты сақтап, ыстық ауа суығанда тамшыға айналатын болған. Таза суыған су тәбешіктермен құдықтың түбіндегі арнайы қуысқа агады да, дәл сол жерден жолаушылар шөлін басу үшін және түйелерін суару үшін су

алған. Мұндай ерекше инженерлік құрылыстар Жібек жолының әр 12-15-ші шақырымында орналасып, 150-200 түйеден тұратын керуенді суара алды. Бұл құдықтарда су жер асты су көздерінің арқасында емес, атмосфералық аудан су алу мүмкіндігі бар бірегей құрылымның көмегімен толтырылған.

Ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттерде өмір сүргенұлттар арасындағы өзара шыдамдылық, әлемдік бірнеше діндердің бейбіт өмір сүруі, халықтардың салттары мен дәстүрлерін қошаметтеу Ұлы Жібек жолы бағыттары бойынша орналасқан қалалардың негізгі өзгешелігіді. Керуен жолымен саяхат жасап жүрген әр саудагер, көпес, жиһангезосы елді мекендердеөзі туып өсken туған елі мен халқының тарихынан мәлімет беріп, төл мәдениеті мен салт-дәстүрінің ерекшеліктерін емін-еркін насхаттады.

2-5 ғасырларда Ұлы Жібек жолы Қытай аумағындағы Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аймақтан басталып, Ұлы Қытай қорғанының батыс шеті арқылы Қашқарияны қамтып, Іле өзенінен Ыстықкөлге жетті. Одан әрі Қазақстан аумағынан Ферғанаға, содан кейін Самарқанд, Бұқара қалалары арқылы Сирія еліне өтті де, Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағын айналып, Еуропаға өтті.

Ұлы Жібек жолы алтыншы және он үшінші ғасырларда үлкен қарбалас даму үстінде болды. Оныңбұлай ерекшеленуі мынадай жағдайларға байланысты еді: біріншіден, Жетісу аймағында орналасқан Түрік қағандарының ордалары осы трансқұрылықтық сауда бағыттарының қауіпсіз болуын үнемі қадағалады; екіншіден, жетінші ғасырда Ферғана алқабымен өтетін жол арнасы сол кездегі өзара жанжалдар мен соғыстар кесірінен саяхатшылар мен саудагерлер үшін қауіпті екендігі белгілі жайт болатын; үшіншіден, түрік елінің аса бай аксүйек шонжарлары арасынан Еуропа, Азия елдерінен әкелінген тауарларды көтерме бағамен сатып алушылар кездесті.

Жалпы алғанда, зерттеуіміздің бастынысаны болып отырған Жібек жолы магистралы бірнеше ғасыр аралығында сандаған өзгерістердің бастан кешті: бұл халықаралық керуен бағытының үлкен бір бөлшегі айрықша мәнді иеленді, өзгелері мүлдем құрдымға кетті, басқа кейбір қалалар құлдырауға түсті. Мысалы, 6-8 ғасырларда осы жолдың бұрыннан танымал басты бағыты Батыс Түрік қағанаты мен Византия елдерінің Иранға қарсы біріккен одағының құрылуы себепті қауіптердің алдыналу мақсатында парсы елінің сыртынан айналып өтті. Осыған байланысты Ұлы Жібек жолы бойындағы қоғамдық-саяси жағдай елшілердің, саудагерлердің және саяхатқа шыққан басқа жиһангездердің жол арналарын белгілеуіненаның сезілді.

Б.д. алтыншы ғасырының екінші жартысында Түрік қағанаты

империясын әлемге танытып, дәуірлеу үстінде болған түркілер Ұлы Жібек жолының біршама бөлігінің нақты қожайыны болды. Түрік кезеңі деп атап болған осы тұста Қытай елінен Жетісу аймағын көктей өтіп, батыс мемлекеттеріне және қазақ даласының онтүстік бөлігіне жеткен трансқұрылықтың мәндегі Ұлы Жібек жолы бойында қайта өрлеу жағдайы өзінің биік деңгейіне жетті. Түрік кезеңі атымен белгілі басты жол бөлігі негізгі бағыт ретінде танылды да, көпестердің қызу керуен саудасы мен мемлекеттердің басшылары арнағы жіберген елшілерінің сапарлары 6-8 ғасырларда осы аймақтар арқылы өтті. Түрік қағандығы Византиямен одектаса отырып, Ұлы Жібек жолына дербес бақылау жасау мақсатымен Иранмен соғысты. Естеми бастаған түріктердің 571 жылды Иранға жасаған жорығынан соң шекаралық шеп болып Әмудария бойы белгіленді. Осылайша «Ұлы Жібек жолы түріктердің бақылауына тұсті. жібекпен сауда жасау түрік қағандары мен соғды көпестеріне қыруар табыс келтірді» [4]. Сөйтіп, Түрік қағандығыхалықаралық сауданың едәуір көлемін бақылап, Қытайдан Рим мен Жерорта теңізіне дейінгісауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды. Византия мен Қытай қағанаттың негізігі сауда серіктеріне айналды.

Бұл жайт Жетісу мен Қазақстанның онтүстік өңірінде жаңадан қала орталықтарының салынуына себепкер болды, осы кезге дейін жер жаһанға белгілі болып келген қалалардың қарыштапөркендеуіне илгі ықпалын жасады. Жібек жолының түрік бөлігі бағыттарындағы аумақтарданосы өңірлерде көне заманда ерекше белсенді түрде жүргізілгенқызу керуен саудасының көптеген заттық айғақтары табылды.

Ортағасырлар кезіндегі Сыр бойындағышаһарларда үйымдастырылған археологиялық жұмыстар нәтижесінде қазып алынған заттар мемлекеттер, аймақтар арасындағы сауданы халықаралық деңгейде жүргізілу жағдайын бағамдап саралау ісінде құнды ғылыми мағлұмат болып танылды. Сондай тарихи ерекше жаңалықтардың бірі –ескі Отырар қаласы орнынан табылған күміс көмбе. Көмбенің тенгелер жиынтығында ежелгі Түркістан шаһарының, Еуропа, Кіші Азия, Еділбайқалаларындағына қашарайларының белгілері кездеседі. «Оған дәлел – археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген кезде қалалардан әр елдің тұтыну бүйімдары, тенгелер мен әшекей, сәндік бүйімдар табылған. Мәселен, Тараздан табылған қытай фарфорлары, Византияның сәнді әшекей бүйімдары мен күміс құмыралары бұл қалалардың басқа елдерден келген саудагерлердің бас қосқан жері болғандығын көрсетеді» [5, 78-79-б.].

Ұлы Жібек жолы жүйесіне енген керуен тармақтарының көптеген

тармақтарыбык тау асулары арқылы шөл даланы айналып өтті. Жібек жолы қай жақпен жүрсе де, оның негізгі сілемі Арап теңізі тұсынан Сырдария өзені жағаларымен, содан соң Шу бойынан Жетісү алқабынан асып, Жонғар қақпасына дейін барды. Бұл маңай Үндістандағы Ганг өзенінің «Дәм-татым жерлері» деп аталатын тарихи мекеніне және аспан асты еліндегі (Қытай) Сары өзеннің тұт ағашы жайқалған жағасына жеткізетін соншалықты өте қолайлы жолға айналды.

Қытайдан жөнелтілген жібек, Үндістан елінен жіберілгентағам қоспалары мен бағалы тастар, парсының күміс заттары мен византиялық түрлі тауарлар тиелген керуендер шетсіз, шексіз Сарыарқаның сахара кең даласы арқылы жүріп, Алтай мен Қаратай тауларынан өтті. Екі үлкен құрылышты жалғастырған осы ұзын қашықтықтағы халықаралық жол бойында Талхиз, Баласағұн, Тараз, Сауран, Отыра, Үргеніш, Бұхара және өзгеде биік даму сатысындағы бай қалалар болды.

Ұлы Жібек жолымен жүргізілген сауда жолдарыкөне Тараз қаласынан солтүстік бағытта Ертіс өзені өңіріне – Қимақ мемлекетінің қаған ордасына, содан кейін Енисей алқабындағы қырғыздар еліне өтті.

Жетінші ғасырдағы Қытайдың сапар кезінде пайдаланылатын кітапшаларында «Ақ өзендердегі қала» деп аталған Испиджаб қаласы кездеседі. Ал кейінгі деректемелерде бұл қаланы «Сайрам» деп те атапты. Сол замандағы үлкен әрі басты сауда орталықтарының бірі болған Испиджабтан созылған жол содан соң Сырдария өзені жағасымен төменге ойысып, Арап теңізінедейін жалғасты. Бұл бағыт бойындағы керуен жолында болған Отыра (Фараб) мен Шауғар (Түркістан қаласының іргесінде, небәрі сегіз шақырым тұста) сияқты ежелгі дәуірдегі ең ірі шаһарлардан Ұлы Жібек жолының бағыты қазіргі Қазалы қаласына жақын жерде орын тепкен оғыздар астанасы – Янгикент қаласына жетті. 10-12 ғасырларда аталған жол тармағында Жент, Сауран, Ашнас сияқты жаңа қалалар салынды.

Оңтүстік Қазақстанның Жетісү өлкесінде Науакент, яғни Жаңақала, ірі қалалардың бірі ретінде әлемге танылып, Ұлы Жібек жолының басты арнасы болғандығы тарихтан белгілі. Бұл көне шаһардан жалғасқан жол әрі қарай Сүябқаласына әкелді. Бүгінгі жағдайына келсек, ескі сарайлардың, мешіттер мен мұнаралардың қирандылары, құлпытастары барқорымдар өз заманында бұл жақта үлкен тіршілік болғандығынан хабар береді.

Жібек жолының бағыттары қазіргі Алматы, Қаскелен қалаларының бұрынғы жерлерінде болған кенттер арқылы өтіп, Алматыға алыс емес Талғар қаласына таяу тұстағы Талхиз қаласына дейін жетті. Осы қалада Жібек жолы бірнеше тармақта бөлінді. Оңтүстік

бағыты Есік, Тұрген арқылы Іле өзенінің өткеліне өтсе, солтүстік жағы Талхизден Талғар өзенін жағалай Қапшағай шатқалына жетті де, әрі қарай Қарлұқ жабғуының ордасы – Қоялықта жалғасын тапты. Өз заманында базарларымен мәшһүр болған бұл көне қала қирандылары қазіргі Жетісу облысы аумағындағы Антоновское ауылымашында орналасқан. Осыдан кейін Ұлы Жібек жолы Алакөл көлді айналып өтіп, соның ар жағындағы атақты Жонғар қақпасы деп аталған тау аңғарымен Қытайдың ішкі аудандарына ойысты.

Ұлы Жібек жолының қашықтығы 7 мың шақырымнан 12 мың шақырымға дейін созылды. Осыған байланыстысапарға шыққан саудагерлердің басым бөлігі жол бағыттарымен толық саяхаттамады. Жалпы алғанда, саудагерлер мақсатты түрде алып шыққан заттары мен тауарларын үлкен жолдың ортасында ауыстырып алуды үнемі назарда ұсталды.

Жібек жолының түрік бөлігі халықаралық сауда саласында үлкен маңызға ие болып, мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл атқарды, Шығыс пен Батыс мәдениеттері арасындағы байланыстырушы көпір болды.

Ұлы Жібек жолы қазіргі тілмен айтқанда нағыз трансмагистралды халықаралық, аймақтық жол ретінде әлемдік өркениет тарихына енді. Бұл жол әлемдік деңгейдегі сауда қатынастарын дамытып қана қоймай, ғылым мен мәдениетті де дамытты. Мысалы, ежелгі Отырар қаласында бүкіл дүние жүзіне белгілі ғұлама ғалым, ойшыл Әбұнасыр әл-Фараби өмірге келіп, балалық шағын өткізген.

Жібек жолымен саяхаттаған саудагерлер мен жиһангездер өз елдерінің ұнді, араб, грек, испан, парсы мәдениеттерін де насиҳаттау арқылы діни наным-сенімдерді, түрлі тауарларды, жібек өндіру, шыны, қағаз, кітап шығару, әскери қару-жарапты дайындау әдістерін таратты. Осы сауда жолының арқасында дүние жүзіне Қытайда алғаш рет іске асқан әлемдік жақалық – қағаз бен оның өндірісі Орталық Азия жеріне келді де, одан әрі батыс елдеріне кеңінен тарады.

Ұлы Жібек жолы өлемдік өркениеттің феномендік құбылысы ретінде түркі текстес халықтардың бір-бірімен өзара байланысын жақсартумен қатар, басқа халықтармен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, сауда, мәдени және ғылыми байланыстарды қамтамасыз етіп отырды.

Ұлы Жібек жолы он бесінші ғасырға дейін өмір сүрді. Бұған жаңа заманда, XXI ғасыр басындақайта түлеген тарихи жол арқылы экономика, сауда, руханият, мәдениет және ғылым салалары бойынша елдер арасындағы қарым-қатынастарды қазіргі заман ағымына қарай жаңа үрдістесабақтастастырып жалғастыру аймақтарда, республикаларда мемлекеттік деңгейде қолға алынып, нақты жүзеге

асуда. 1987 жылы Парижде ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында бұл жолды қайта жаңғырту ісінәлемдік деңгейге көтеру мәселесі айқындалып, «Жібек жолы—диалог жолы» атты халықаралық жоба мәлімделді де, осы маңызды бағдарламаның мақсат-міндеттері үдесінде әр мемлекетте Ұлы Жібек жолының жүздеген жылдарға созылған бірнеше ғасырлық тарихы мен мән-маңызын зерделеп саралау істерінәкты орындалды [6, 595-б.]

Жиырма бірінші ғасыр басында Қытай Халық Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қыргызстан Республикасы екі мың жыл бұрын Еуропа және Азия құрылымдары арасында халықаралық сауда және мәдениет салаларын дамытып өркендетуарнасы ретінде маңызды рөл атқарған Ұлы Жібек жолын Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі –ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізуге өтініштүсірген болатын. Осы бастама қорытындысында 2014 жылы 22 маусымда Таяу Шығыстағы Катар мемлекетінің астанасы – Доха қаласында осы халықаралық ұйымның Бүкіләлемдік мұра комитеті өзінің 38-ші сессиясының мәжілісінде бұл өтінімді құттап, Ұлы Жібек жолын ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізді. Сонымен бірге өтінімге Жібек жолы бағыттары өнірлеріндегі 33 тарихи жер енді. Ал бұл тарихи елді мекендердің жиырмасынан кейінгі Қытайда, Қазақстанда, Қыргызстанда аумағында болыпты.

Ұлы Жібек жолының Еуразия континентінің шығысы мен батысын, оңтүстігі мен солтүстігін жалғастырып, тұтастай өркендеуіне қосқан баға жетпес үлесін жоғары бағалаған ЮНЕСКО халықаралық ұйымы өзінің арнайы бағдарламасын қабылдады. Бағдарламаның басты мұраты – Ұлы Жібек жолы арналарымен бірнеше ғасырлар аралығында сол замандағы мемлекеттер мен ұлттар арасында тығыз байланыстар орнатылып, экономиканың негізгі көрсеткіші болған сауда саласындағы өзара айырбас үрдістері мен әдебиет, өнер және ғылым жүйесінде жан-жақты ықпалдастықтың дамығанын нақты мысалдар арқылы айқынданап таныту болды да, оны кәсіби мамандардан тұратын халықаралық топіс жүзіне асырды.

«Жібек жолы» бағдарламасының «Ұлы Жібек жолы» атты соңғы қорытынды конференциясы Париж қаласындағы мәресіне жетті. Осы ғылыми мәслихатта Орталық Азия халықтарының бірнеше ғасырлар шеңберіндегі мәдени табыстарын паш еткенауқымды көрме өткізілді.

Қорытынды

Ұлы Жібек жолы – бүкілдүниежүзілік өркениеттің феномендік

денгейдегі құбылысы, әлемде болған тарихи оқиғалардың қуәсі. Өйткені, бұл жол көптеген жүзжылдықтар бойы Еуразия аймағындағы ондаған мемлекеттер мен түрлі халықтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамып өркендеуінде аса маңызды мәнге ие болды. Құрлықаралық трансмагистралды қүрежол он бесінші ғасырға шейін Еуропа және Азия елдерін – алып құрлықтардың батысы мен шығысынбарлық сала бойынша тығыз ұштастыра білген алтын арқау мағынасына жетті. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ның Бүкіл әлемдік мұрасы нысандарының тізіміне «Ұлы Жібек жолы» аталымы бойынша өз аумағындағы отыздан астам тарих және археология ескерткіштерін енгізді.

Бұл айтылған ойлардың барлығы Қазақ мемлекетінің ұзын сонар тарихында Ұлы Жібек жолының дамуы экономикалық жағынан ғана емес, сондай-ақ саяси-мәдени құндылықтар өлшемінің іргесін қалағанын айқын байқатады. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында қабылданып жүзеге асып жатқан «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамалық маңыздыбыр бөлігі ретінде Жібек жолының арнайы қарастырылуы құптарлық.

XXI ғасырдың бас кезінде Қазақстан Республикасының Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық жолы құрылысы жобасын іске асырудың басы-қасында болуы көп жайтты аңғартса керек. Әлемдік денгейдегі бұл трансмагистралды құрлықаралық жолдың біздің еліміздің бес облысының аумағы арқылы өтетін бөлігінің жалпы қашықтығы үш мындаш шақырым болады. Ұлы Жібек жолының тарихи бағыттары жаңа ғасырда осылайша қайта жаңғыру үстінде. Әлемдік қауымдастық та бұл көкейтесті ғаламдық мәселеге айрықша көніл бөліп, ортақ іске жұмылакірсүде.

Қорытындылай келгенде, ықылым заманда керуен жолы ғана ретінде елеусіз оқиға сияқты көрінген Ұлы Жібек жолынан кейін ақырында Еуропа мен Азия құрлықтарында өмір сүрген мемлекеттер мен халықтарды рухани-мәдени және әлеуметтік-экономикалық жағынан байланыстырып, жалпы адамзат тарихында ерекше рөл атқарды. Ұлы Жібек жолы жаңа ғасырда даөз мақсат-міндеттері үдесінде әлемдік өркениеттің қайталанбас ұлы құбылысы ретінде ұрпақтар жадында әрдайым сақталады.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекіткен BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тогысында зерделеу» атты мақсатты-бағдарламалық жоба аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Есаман Х. Тараз жәнеТүркі өркениетінің өнегесі // Егемен Қазақстан. – 2021. – 10 қазан.
- [2] Зейнуллин Р.Б., Жаңабаева Д.М. Өркениеттер ағынындағы түркі әлемі // Адам әлемі. – 2022. – № 2 (92).
- [3] Аббасов Н. Наследие древнетюркской цивилизации // «Түркі халықтарының рухани мұралары және Манғыстай жыраулық дәстүрі»: халықар. ғыл.-тәжіриб. конф.материалдары. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжинириング университеті, 2019. – 404 б.
- [4] Қадашұлы Е. Түрік қағанаты // Орталық Қазақстан. – 2020. – 11 тамыз.
- [5] Докашева Е.С. Великий Шелковый путь. Полная история. – М.: «Издательство ACT», 2020. –165 с.
- [6] Қазақстан тарихы. Энциклопедия. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2020. – 824 бет.

REFERENCES

- [1] Esaman X. Taraz Jane Turki orkenietining onegesi [Taraz and the morality of Turkish civilization]. Egemen Qazaqstan, 2021, 10 qazat [in Kaz.].
- [2] Zeinullin R.B., Jangabaeva D.M. Orkenietter agynyndagy alemi [Turkic world in the flow of civilizations]. Adam alemi, 2022, No. 2 (92) [in Kaz.].
- [3] Abbasov N. Nasledie dreynetiurkskoi tsvilizatsii. In: Turki halyqtarynyng ruhani muralary Jane Mangystau jyraulyq dasturi: halyq. gylimi-tajirib. konf. materialdary [Heritage of ancient Turkic civilization. In: "Spiritual heritage of the Turkic peoples and the tradition of Mangystau: Proceed. of the inter. sc. and pract.conf.]. Aktau: Sh.Esenovatyndagy Kaspiai memlekettik texnologialar Jane injiniring universiteti, 2019, p.404 [in Russ.].
- [4] Qardashuly E. Turik qaganaty [Turkish Khaganate]. Ortalyq Qazaqstan. 2020, 11 tamyz [in Kaz].
- [5] Dokasheva E.S. Welikii shelkovyi put'. Polnaia istoria [The Great Silk Road. Full story]. M.:«Izdatelstvo ACT», 2020, p.165 [in Russ.].
- [6] Qazaqstan tarichy. Entsiklopedia [History of Kazakhstan. Encyclopedia]. Almaty, 2020, p. 824 [in Kaz].

РЕГИОНАЛЬНЫЕ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ПРОЦЕССЫ НА ПРОСТРАНСТВЕ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ

*Жанакова Н.Т.¹, Кенжалин К.К.²

*¹к.и.н., ассоц. профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Алматы, Казахстан

e-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

²доктор наук, доцент Евразийского национального
университета им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail: kenkk@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются современные актуальные проблемы регионального, международного и межэтнического значения уникального памятника мировой цивилизации и свидетеля истории человечества – Великого Шелкового пути среди государств Евразии с позиций актуальных проблем современности. Потому что Великий Шелковый как международный проект путь в течении нескольких столетий сыграл особую роль в развитии экономики и культуры многих государств и народов.

Цель статьи: помочь народам и государствам, проживающим вдоль этого пути, в понимании потребности модернизации взаимоотношений в области экономики и культуры, в использовании исторических возможностей взаимопонимания и обогащения цивилизации. В статье раскрыты историческое значение Великого Шелкового пути в развитии государств и народов, находившихся на пути его следования, причины быстрого роста и расцвета культуры городов Южного Казахстана, выявлено влияние пути на социально-экономическое положение Казахстана, показано формирование культурных, религиозных и международных отношений.

В связи с этим в настоящей статье анализируется роль Великого Шелкового пути в установлении связей между Востоком и Западом, вопросы распространения караванных маршрутов и религиозных идей, роль средневековых городов, возникших вдоль Шелкового пути, при этом особое внимание уделяется региональному и международному значению Великого Шелкового пути. Показано, что этот древний путь имеет огромное историческое, экономическое и культурное значение для современного Казахстана. Поэтому следует отметить, что начиная с прошлой эпохи сухопутные дороги превратились в трансконтинентальную сеть связей в торгово-культурной отраслях между востоком и западом, севером и югом Евразии. Методологической основой статьи стали новые источники. Новые материалы, использованные в процессе исследования и концептуальные выводы,

позволили раскрыть актуальность темы, определяемой как роль и значение Великого Шелкового пути в истории мировой торговли и международного взаимодействия стран и народов.

Ключевые слова: Великий Шелковый путь, мировая политика, цивилизация, культура, народ, государство, международные связи, Восток

REGIONAL TRADE, ECONOMIC AND CULTURAL PROCESSES IN THE SPACE OF THE GREAT SILK ROAD: THE PAST, PRESENT, FUTURE

*Zhanakova N.T.¹, Kenjalin K.K.²

¹cand. of hist.sc.,assistant professor. Kazakh Ablai Khan UIRandWL
Almaty, Kazakhstan

e-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

²PhD, associate professor L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: kenkk@mail.ru

Abstract. The article deals with current topical problems of regional, international and interethnic significance of the unique monument of world civilization and witness to the history of mankind - the Great Silk Road among the states of Eurasia from the standpoint of topical problems of our time. Because the Great Silk Road for several centuries has played a special role in the development of the economy and culture of many states and peoples.

The purpose of the article is to help the current peoples and states living along this path in understanding the need to modernize relations in the field of economy and culture, in using historical opportunities for mutual understanding and enrichment of civilization.

The article reveals the historical significance of the Great Silk Road in the development of states and peoples along its route, the reasons for the rapid growth and flourishing of the culture of the cities of Southern Kazakhstan, reveals the influence of the route on the socio-economic situation of Kazakhstan, and shows the formation of cultural, religious and international relations.

In this regard, this article analyzes the role of the Great Silk Road in establishing connections between East and West, the spread of caravan routes and religious ideas, the role of medieval cities that arose along the Silk Road, with special attention paid to the regional and international significance of the Great Silk Road

It is shown that this ancient route has enormous historical, economic and cultural significance for modern Kazakhstan. Therefore, it should be

noted that since the past era, land roads have turned into a transcontinental network of connections in trade and cultural sectors between east and west, north and south of Eurasia. New sources became the methodological basis of the article. New materials used in the research process and conceptual conclusions made it possible to reveal the relevance of the topic, defined as the role and significance of the Great Silk Road in the history of world trade and international interaction of countries and peoples.

Key words: The Great Silk Road, world politics, civilization, culture, people, state, international relations, East

Статья поступила 02.07.2023

УДК 327; 339.9

DOI 10.48371/ISMO.2023.53.3.011

МРНТИ 11.25.67

ПОЛИТИКА КИТАЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Байзакова К.И.¹, Оракбаева У.М.², *Усен М.А.³

¹д.и.н., профессор Казахского национального университета им.

аль-Фараби, Алматы, Казахстан

e-mail: kbaizakova@mail.ru

²PhD докторант Евразийского национального университета им.

Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

e-mail: ulbolsyn.malikovna@gmail.com

^{*3}PhD докторант Казахского национального университета

им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

e-mail: meruert.ussen@gmail.com

Аннотация. Исследовательский интерес представляет одно из важных направлений китайско-центральноазиатских отношений, которое стало актуальным в последние несколько лет ввиду участия стран Центральной Азии в китайском геоэкономическом проекте «Один пояс, один путь» или «Инициатива пояса и пути». Центральная Азия всегда была важным регионом для Китая ввиду своего стратегического положения, природных ресурсов и geopolитического значения. Благодаря китайской инициативе «Пояса и пути», а также финансовой помощи КНР странам региона, Центральная Азия вновь оказалась в эпицентре международной активности. В качестве методов исследования были выбраны контент-анализ и системный метод для выявления связи между политическими событиями и выстраиванием китайско-центральноазиатского сотрудничества. В